

Облыстық коммуналдық мүлікті мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру кезінде жалдау ақысының мөлшерлемесін есептеу қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы әкімдігінің 2014 жылғы 5 тамыздағы № 390 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 21 тамызда № 5038 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы әкімдігінің 2015 жылғы 17 сәуірдегі № 153 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы әкімдігінің 17.04.2015 № 153 қаулысымен (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына, "Мемлекеттік мүлік туралы" 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 17-бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 13 ақпандағы № 88 "Мемлекеттік мүлікті мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру қағидаларын бекіту туралы" қаулысына сәйкес Қостанай облысының әкімдігі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. Қоса беріліп отырған Облыстық коммуналдық мүлікті мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру кезінде жалдау ақысының мөлшерлемесін есептеу қағидалары бекітілсін.

2. Қостанай облысы әкімдігінің 2014 жылғы 4 мамырдағы № 191 "Облыстық коммуналдық мүлікті мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру кезінде жалдау ақысының мөлшерлемесін есептеуді бекіту туралы" қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4773 болып тіркелген, 2014 жылғы 6 маусымда "Қостанай таңы" газетінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі
КЕЛІСІЛДІ

Н. Садуақасов

"Қостанай облысы әкімдігінің
қаржы басқармасы" ММ басшысы
----- С. Аймұхамбетова

Әкімдіктің

2014

жылғы

5

тамыздағы

Облыстық коммуналдық мүлікті мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру кезінде жалдау ақысының мөлшерлемесін есептеу қағидалары

Облыстық коммуналдық заңды тұлғалардың балансындағы мемлекеттік тұрғын емес қор объектілерінің 1 шаршы метрін пайдалану үшін жылдық жалдау ақысының базалық мөлшерлемесі 1 айлық есептік көрсеткішті құрайды.

1. Мемлекеттік тұрғын емес қор объектісін мүліктік жалдауға (жалға алуға) арналған жылдық жалдау ақысының мөлшерлемесі мынадай формула бойынша есептеледі:

$$Жа = Бм * K_1 * K_2 * K_3 * S, \text{ мұндағы:}$$

Жа – мемлекеттік тұрғын емес қор объектісінің жылдық жалдау ақысының мөлшерлемесі;

Бм - базалық мөлшерлеме;

K_1 - объектінің аумақтық қатыстылығын есепке алатын коэффициент;

K_2 - объектінің Қостанай қаласында орналасқан жерін есепке алатын коэффициент;

K_3 - құрылыстың түрін есепке алатын коэффициент;

S - жалдауға алынған үй-жайдың ауданы (шаршы метр).

Объектінің аумақтық қатыстылығын есепке алатын коэффициент:

Аумақтық аймақ	K_1
Қостанай қаласы, Лисаковск қаласы, Рудный қаласы, Арқалық қаласы	2,3
Облыстың аудандары	1,6

Объектінің Қостанай қаласында орналасқан жерін есепке алатын коэффициент:

Объектінің Қостанай қаласында орналасқан жері	K_2
Қайырбеков-Темірбаев (вокзал маңы аумағын қосқанда), Павлов-Шевченко көшелерінің шекараларындағы орталық	2
Қаланың басқа аудандары (қаланың құрамды бөліктерін қоспағанда)	1
Қаланың құрамды бөліктері (Амангелді, Геофизик, Дружба, Қонай, Жылы жай, Ударник тұрғын үй алаптары)	0,9

Құрылыс түрін есепке алатын коэффициент:

Құрылыс түрі	K_3
Жеке тұрған	1
Қосымша салынған	1
Жартылай жертөле	0,85

Жертөле	0,70
Қоймалық	0,60

2. Құрал-жабдықтарды, автокөлік құралдарын және басқа да пайдаланылмайтын заттарды мүліктік жалдау (жалға алу) үшін жалдау ақысының мөлшерлемесі мынадай формула бойынша анықталады:

$$Ж_n = АТ + (БҚ * ҚМ), \text{ мұндағы:}$$

Ж_n - құрал-жабдықтарды, автокөлік құралдарын және басқа да пайдаланылмайтын заттардың жылдық жалдау ақысының мөлшерлемесі;

АТ – 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 120-бабымен анықталған амортизацияның шектелген нормаларына сәйкес амортизацияндық төлемдердің сомасы;

БҚ - баланстық құны;

ҚМ - Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің қайта қаржыландыру мөлшерлемесі.

3. Жұмыс уақытын толық пайдаланбайтын (сағаттар бойынша) объектіні жалдау (жалға алу) үшін жалдау ақысының мөлшерлемесі мынадай формулалар бойынша есептеледі:

облыстық коммуналдық заңды тұлғалардың балансындағы мемлекеттік тұрғын емес қор үшін:

$$Ж = S * Б_m * K_1 * K_2 * K_3 / ЖУ * N, \text{ мұндағы:}$$

Ж - жұмыс уақытын толық пайдаланбайтын объектінің жылдық жалдау ақысының мөлшерлемесі;

S - ауданы (шаршы метр);

Б_m - базалық мөлшерлеме;

K₁ - объектінің аумақтық қатыстылығын есепке алатын коэффициент;

K₂ - объектінің Қостанай қаласында орналасқан жерін есепке алатын коэффициент;

K₃ - құрылыстың түрін есепке алатын коэффициент;

ЖУ - жылдық жұмыс уақытының балансы;

N - жылдық сағат саны;

құрал-жабдықтар, автокөлік құралдары және басқа да пайдаланылмайтын заттар үшін: $Ж = (Ж_n / ЖУ) * N$, мұндағы:

Ж – құрал-жабдықтар, автокөлік құралдары және басқа да пайдаланылмайтын заттардың жылдық жалдау ақысының мөлшерлемесі;

Ж_n – құрал-жабдықтарды, автокөлік құралдарын және басқа да

пайдаланылмайтын заттарды жалдау (жалға алу) үшін жылдық жалдау ақысы;
ЖУ - жылдық жұмыс уақытының балансы;
N - жылдық сағат саны.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК